



# МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ АРНАЛАРЫНДА

## Жыр алыбы — Жамбылдың

### 140 жасқа толуы қарсаңында

**Х**АЛЫК поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев — қазақ халқының өткендегі шалқар дария жыр өнерінің тірі бейнесіндей. Жамбылдың ақындық талантының көгерген жасыл бел, сары жайлауы — халық поэзиясы. Ол он бес жастан қолына домбырасын алып, ел кезіп, өлең айтып, айтысқа түседі. Бұл өнер қуған қазақ жасының оқып бітіруге тиіс дала консерваториясы, әлде білім ордасы еді. Жамбылдың ақындық дарынына қанат бітірген — Октябрь шапағы.

1936 жылы «Правда» газетінде оның «Туған елім» өлсіз жарық көрді. Содан бастап Жамбыл есімі де, Жамбыл өлеңдері мен дастандары да көп ұлтты совет халқының жүрегінен орын алады. Жамбыл шығармаларының тақырыбы өте бай. Ақын өз өлеңдерімен социализм елінің көркемдік шежіресін жазды десе болғандай, жер жүзінде тұңғыш рет жұмысшылар мен шаруалар мемлекетін орнатқан күн кесем В. И. Ленин бейнесін жасап, халық достығын, интернационализмді, өз елінде жаңа қоғам орнатқан еңбекші адам күдіретін шабыттана жырлады. Ұлы Оған соғысы кезіндегі Жамбылдың «Ленинградтық өрендеріме» өлеңінің ел жігерін қайраған рухани қуаты, жаудың жүзін жасытқан қаһарлы қарулардан кем түспеді.

Жамбыл — шын мәніндегі халық ақыны, халық трибуны. Оның қуатты поэзиясы өз елі.

өз халқының емес, дүние жүзі халықтарының игілігіне айналды. Жамбылдың ақындық өнеріне Ромен Роллан, Рабиндранат Тагор, Мартин Андерсен, Нексе, Михаил Шолохов, Николай Тихонов, Мұхтар Әуезов сынды ұлы суреткерлер сүйсіне лебіз білдірді. Совет үкіметі мен Коммунистік партия халық ақынының еңбегін жоғары бағалап, Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Күрмет Белгісі» ордендерімен бірнеше, медальдармен наградтады. Жамбыл Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды.

Ақын туралы әдебиеттер де көп. Николай Островский атындағы облыстық кітапханада да ақын жайлы кітаптар мол. Әр кітап ақынды әр қырынан танытады. Жыр алыбының юбилейіне орай қауымға мына кітаптар ұсынылады:

**Жабаев Ж.** Екі томдық шығармалар жинағы — Алматы: Жазушы. Революцияға дейінгі шығармалары.

**Жамбыл Ж. Таңдамалылар.** Алматы. Жазушы, 1971, 308 бет. Кітапта Жамбыл Жабаевтың «Революцияға дейінгі жырлары», «Айтыстары», «Совет дәуіріндегі өлеңдері мен жырлары», «Поэмалары» бұрынғы жарияланбаған өлеңдері кірген.

**Жыр алыбы (Жамбыл жайлы естеліктер)** Алматы: Жазушы, 1971, 264 бет.

**Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы.** Алматы: Ғылым, 1975, 270 б. Оқушы қауымның

назарына ұсынылып отырған бұл жинақта Жамбылдың творчествосына байланысты халқымыздың суырып салма ақындық өнерінің әр алуан сырлары, жанрлық - стильдік көркемдік ерекшеліктері сөз болады.

**Төрекүлов Н. Жамбыл мен Кенен.** Алматы, Жалын, 1978, 128 бет.

«Жамбыл мен Кенен» атты кітапқа ғалым Н. Төрекүлов халқымыздың сүйікті екі ақынының өмірін арқау еткен.

**Байділлаев Ө. Жамбыл және музыка** — кітапта. Езділ-ев. Қанатты өнер. Алматы, 1973. 74-94 беттер. Өмірбек Байділлаевтың бұл жинағында Жамбылдың музыка өнері туралы әңгіме қозғалады.

**Ысмайылов Е. Ақындық өмір.** Алматы, Жазушы, 1966, 141 б. Белгілі әдебиетші, ғалым, профессор бұл еңбегінде халық поэзиясының алыбы совет заманының даңқты жыршысы Жамбыл Жабаевтың ақындық өмірін жан-жақты баяндайды.

**Ленин деп халық жырлайды.** Алматы, Ғылым, 1969, 304 б. Ақынның В. И. Ленинге арналған өлеңдері аса әсерлі, көркем. Ол қазақ поэзиясында Лениннің ұлы тұлғасын жасаған ақындардың ең күрметтісі, «Ленин мавзолейінде», «Ленин» деген өлеңдерінде Жамбыл Жабаев сөз маржанын құлпытта біледі.

**Н. ШАЙКЕНОВА,** облыстық Н. Островский атындағы кітапхананың аға библиографы.